

«Smart Ломбард» ЖШС

2021 жылдың «01» тамызындағы
№ 6 Шешімнің
№ 1 қосымшасы



**МИКРОКРЕДИТТЕР
БЕРУ ҚАГИДАЛАРЫ
«Smart Ломбард» ЖШС**

Алматы қ. 2021 ж.

«Smart Ломбард» ЖШС

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	3
2. Микрокредит беруге өтініш беру тәртібі және оны қарау тәртібі	4
3. Кепілдік билетін жасау тәртібі	5
4. Берілетін микрокредиттердің шекті сомасы мен мерзімдері	7
5. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары	7
6. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі	8
7. Ломбард қабылдайтын кепілдік мүлікке қойылатын талаптар	8
8. Ломбард пен оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершіліктері	10
9. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережесі	14
10. Микрокредитті өтеу әдістері	14
11. Өзге де шарттар	14
12. Қосымша. Микрокредитті өтеудің бір реттік әдісін есептеу үлгісі	16

«Smart Ломбард» ЖШС

Осы Микрокредиттер беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтің құқықтық актілеріне, «Smart Ломбард» ЖШС (бұдан әрі - Ломбард) Жарғысына сәйкес өзірленді және Ломбардта жылжымалы мүлік кепілімен микрокредиттер ұсыну рәсімін бекітеді.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қазақстан Республикасының «Микроқаржы қызметі туралы» қолданыстағы заңнамасына сәйкес Ломбард жеке тұлғаларға жеке пайдалануга арналған жылжымалы мүлікті кепілге салып, бір жылға дейінгі мерзімге «Республикалық бюджет туралы» заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде қысқа мерзім, ә микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

1.2. Осы Қағидалар төмендегін реттейтін құжат болып табылады:

- 1) Клиенттердің микрокредит беруге Өтініш беру тәртібі және оны қарау тәртібі;
- 2) Кепілдік билетті (бұдан әрі – Кепілдік билет) ресімдеу арқылы жылжымалы мүлік кепіліне микрокредит беру туралы шарт жасасу тәртібі;
- 3) берілетін микрокредиттердің шекті сомалары мен мерзімдері;
- 4) берілетін микрокредиттер бойынша сығақты мөлшерлемелерінің шекті шамалары;
- 5) берілетін микрокредиттер бойынша сығақты төлеу тәртібі;
- 6) Ломбард қабылдайтын Кепілдік мүліккө қойылатын талаптар;
- 7) Ломбардтың және оның Клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі;
- 8) берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйакы мөлшерлемесін есептеу қағидалары;
- 9) микрокредитті өтеу әдістері.

1.3. Осы Қағидалар ашық ақпарат болып табылады және Ломбардтың Клиенттеріне олардың бірінші талабы бойынша тәнису үшін ұсынылады. Қағидалар Ломбардтың Клиенттері көре алатында жерде және Ломбардтың сайтында орналастырылады.

1.4. Ломбард қызметін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Уәкілдік орган) берген лицензия негізінде жүзеге асырады.

1.5. Қазақстан Республикасының және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар және 18 жасқа толған басқа мемлекеттердің әрекетке қабілетті азаматтары ломбардтың клиенттері болып табылады.

1.6. Микрокредит алу үшін Клиент төмендегі құжаттардың бірінің түпнұсқасын ұсынуы қажет:

- 1) ҚР азаматының жеке күәлігі;
- 2) ҚР азаматының төлкүжаты;
- 3) шетел азаматының ҚР тұруға ықтиярхаты;

1.7. Микрокредит алған кезде Клиент Ломбардқа SMS-хабарлама алу үшін ұялы телефонның істеп тұрған нөмірін хабарлауға міндетті, ол Кепілдік билетте көрсетіледі. Ұялы телефон нөмірі өзгерген жағдайда, Клиент тез арада, бірақ нөмір өзгерген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, Ломбардқа жаңа нөмірді жазбаша хабарлауға міндетті.

1.8. Кепілдік билеттің қолданылу мерзімін ұзартуды, микрокредитті ішінана және толық өтеуді жеке басын күеландыратын құжаттың түпнұсқасы болған жағдайда Клиенттің өзі жүзеге асырады.

1.9. Кепілдік билеттің қолданылу мерзімін ұзарту, микрокредитті ішінана және толық өтеу бойынша операцияларды үшінші тұлғалардың мынадай жағдайларда жүргізуіне жол беріледі:

«Smart Ломбард» ЖШС

- 1) үшінші тұлғада нотариалды куәландырылған сенімхаттардың түпнұсқалары және Қарыз алушының үшінші тұлғаның құқықтарын телефон байланысы арқылы растауы болған кезде;
- 2) Қарыз алушы қайтыс болған жағдайда, төмендегі құжаттарды ұсынған кезде:
 - қайтыс болу туралы күелік;
 - туыстық дәрежесін растайтын құжат;
 - мұраланудың бірінші желісі бойынша қалған туыстарынан талап қоюдан бас тарту туралы нотариалды куәландырылған өтініш;
 - Кепілдік мүлікке мұралану құқығына кіру туралы күелік.

2. МИКРОКРЕДИТ БЕРУГЕ ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

2.1. Кепіл билетін жасау алдында өтініш беруші-жеке тұлға (бұдан әрі-Өтініш беруші) Ломбардқа өтініш берушіні тиісті түрде сәйкестендіруге мүмкіндік береді және Ломбардқа Қағидалардың 2.2-тармагында көрсөтілген құжаттарды ұсынады.

2.2. Өтініш беруші келесі құжаттарды және мәліметтерді ұсынады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері (бар болса);

3) электрондық мекенжайы (бар болса), үялды телефон нөмірі, тіркеу мекенжайы және нақты тұрғылықты жері туралы айық деректер (тұратын және тіркелген мекенжайлары сәйкес келмеген кезде).

2.3. Ломбард Өтініш берушігे микрокредит беруден мынадай жағдайларда бас тартады:

1) Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімі кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күннен кейін аяқталады;

2) мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттарда (бар болса) Өтініш берушінің жеке деректері жеке басын куәландыратын құжат бойынша жеке деректеріне сәйкес келмейді (Т.А.Ә., ЖСН, туған күні және т. б.).

3) егер кепіл ретінде берілетін мүлік техникалық ақаулы, жұмыс істемейтін немесе бүлінген күйде болса;

4) кепілдік мүлікті (зергерлік бүйімдардан басқа) пайдалану мерзімі 24 (жиырма төрт) күнтізбелік айдан асып кетсе;

5) Өтініш беруші зергерлік бүйімдарда бүйімдардың тозуы салдарынан сынамалық таңбалардың бедерлемелері болмаған (нашар көрінетін) жағдайларды қоспағанда, бағалы металдар мен асыл тастандардан жасалған сынамалық таңбалардың бедерлемелері жоқ немесе сынамалық таңбалардың жалған бедерлемелерінің белгілері бар зергерлік бүйімдарды кепілге береді;

6) Өтініш беруші жеке куәлігінің түпнұсқасын беруден бас тартады және (немесе) 150 0000 (бір жұз елу мың) теңгеден астам сомага микрокредит алуға өтініш берген жағдайда Клиентті КЖ/ТҚҚ мақсатында тиісінше сәйкестендіру мақсатында Ломбардқа ақпарат беруден бас тартады.

2.4. Микрокредит беруді макұлдау үрдісі өсі Қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

2.5. Ломбардтың қызметкері Ломбардтың Атқарушы органды актілерінің негізінде кепіл ретінде берілетін мүлікті көзбен шолып қарайды және нарықтық құнын бағалайды және оны Кепілдік билетті жасасу барысында онда көрсетеді.

«Smart Ломбард» ЖШС

3. КЕПІЛДІК БИЛЕТТІ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

3.1 Ломбард қызметкери Клиентті микрокредит алу және қайтару шарттарымен таныстырады, микрокредит алуға байланысты құқықтар мен міндеттерді, жауапкершілікті, сондай-ақ Клиент өз міндеттемелерін орындаған жағдайда кепілдік мүліктен өндіріп алудың негізі мен тәртібін түсіндіреді.

3.2 Клиент Кепілдік мүлікті бағалау үшін Ломбард қызметкеріне береді.

3.3 Кепіл затын бағалауды тараптардың келісімі бойынша оның өтімділігін ескере отырып, Ломбардтың қызметкери жүргізеді және Клиент бағалаумен келіскең жағдайда микрокредит беріледі.

3.3.1 Бағалы металдардан жасалған зергерлік бұйымдар мен сынықтарды бағалау қымбат металдардан жасалған бұйымдар мен сынықтардың санатына байланысты Ломбард бекіткен 1 грамм үшін тарифке сایкес жүргізіледі. Гарифтер Ломбардтың Атқарушы органдың актісімен белгіленеді және бекітіледі. Бағалы металдардан жасалған зергерлік бұйымдар мен сынықтар міндетті турде химиялық реактивтермен, денсиметрмен және металдардың электрохимиялық детекторымен сынақтан өткізіледі. Кепіл беруші сынақтан және тексеруден бас тартқан жағдайда, осы бағалы металдардан жасалған зергерлік бұйым немесе сынықтар кепіл ретінде қабылданбайды.

3.3.2 Кепілдің басқа түрлерін бағалау салыстырмалы әдіспен жүргізіледі. Бұл ретте кепілдің өзге де түрлерін кепілге салуға берілетін микрокредиттің ең жоғары сомасы Ломбардтың Атқарушы органдың актісімен белгіленеді және бекітіледі.

3.3.3 Ломбард қызметкерлерінің тексеру, бағалау, мамандардың консультациялары бойынша іс-әрекеттері Кепілдік билетті жасауға және микрокредит беруді талап етуге негіз болып табылмайды.

3.4 Кепілдік билетті жасауға Клиент пән Ломбард кепіл затын бағалау сомасы, микрокредит сомасы және қайтару күні туралы уағдаластыққа қол жеткізетін ауызша келісім негіз болып табылады.

3.5 Кепілдік билет Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының мәміленің жазбаша нысанына және мазмұнына қойылатын талаптарын ескере отырып жасалады (КР АК 328-б.).

3.6. Кепілдік билет келесі міндетті талапт үрді қамтиды:

- 1) жалпы шарттар;
- 2) Қарыз алушының құқықтары;
- 3) Ломбардтың құқықтары;
- 4) Ломбардтың міндеттері;
- 5) Қарыз алушының міндеттері
- 6) Ломбард үшін шектеулер;
- 7) міндеттемелерді бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі;
- 8) Кепілдік билеттің талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі;
- 9) берешекті сотқа дейін реттеу шарттары.

3.7. Кепілдік билеттің жалпы талаптары мыналарды қамтиды:

1) жасалған күні;

2) Ломбардтың атауы және Қарыз алушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), ЖСН;

- 3) микрокредит сомасы;
- 4) артық төлеу сомасы;
- 5) микрокредиттің толық күны;
- 6) микрокредитті пайдалану мақсаты туралы мәліметтер (бар болса),
- 7) микрокредитті өтеу мерзімдері;
- 8) сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайызben мөлшері немесе сыйақы мәні (Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шарттарда Кепілдік билетті жасасқан

«Smart Ломбард» ЖШС

жағдайда), сондай-ақ жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (микрокредиттің накты құнының) мөлшері;

9) микрокредитті өтеу тәсілі: біржолғы, қолма-қол ақшамен – касса арқылы не электрондық терминалдар арқылы, қолма-қол ақшасыз тәсілмен - ұйымның банк шотының деректемелерін көрсете отырып;

10) микрокредитті өтеу әдісі (аннуитеттік, сарапанған, не Микрокредиттерді беру қағидаларына сәйкес басқа әдіс);

11) микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігі;

12) негізгі борышты уақтылы өтемегені және сыйақыны төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, есімпұлды) есептеу тәртібі және оның мөлшері;

13) Қарыз алушының Кепілдік билең бойынша міндеттемелерін орындаудың қамтамасыз ету (ол бар болса);

14) Қарыз алушы Кепілдік билет бойынша міндеттемелерін орындаған не тиісінше орындаған кезде Ломбард қабылдайтын шаралар;

15) Кепілдік билеттің қолданылу мерзімі;

16) ұйымның пошталық мекенжайы және электрондық мекенжайы туралы ақпаратты, сондай-ақ оның реєсми интернет-ресурсы туралы деректерді (ол болған кезде);

17) Ломбард Кепілдік билет бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғага берген кезде Кепілдік билет шенберінде кредитордың Қарыз алушымен өзара қатынастарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көйылатын талаптар мен шектеулөр құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен Қарыз алушының құқықтық қатынастарына қолданылатынын көздейтін шарт.

3.8. Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шарттармен кепіл билетін жасау жағдайларын қоспағанда, егер микрокредитті өтеу микрокредит мерзімінің соңында біржолғы төлеммен жүзеге асырылатын болса. Кепілдік билетке Кағидаларға Қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тараптар қол қойған мікрокредитті өтеу кестесі қоса беріледі.

3.9. Кепіл билетін жасау күніне кредит бойынша номиналды және жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемелері туралы, сондай-ақ сауда-саттықта өткізілуге жататын кепіл мүлкі туралы ақпаратты қоса алғанда, Ломбард жасасқан кепіл билеті жөніндегі ақпарат міндетті түрде Мемлекеттік кредит бюросына берілуге тиіс.

3.10 Клиент микрокредитті толық өтегенде дейін Кепілдік билетті сақтауға міндетті.

3.11. Кепілдік билет жоғалған жағдайда Ломбард жеке басын қуәландыратын құжаттың тұпнұсқасын және оның ксерокөш рмесін міндетті түрде қоса бере отырып, Клиенттің жазбаша өтініші бойынша телнұсқа беруді жүзеге асырады. Карау мерзімі және телнұсқа беру Ломбардтың атқарушы органдың актісімен белгіленеді және бекітіледі.

3.12. Кепілдік мүлкіті алған кезде Ломбард қызметкери Клиенттің көзінше оған мөр басады және/немесе пломба салады. Ломбард Қарыз алушыға Кепілдік мүлкітің мөрленгеніне және/немесе пломбаланғанына көз жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

3.13. Кепіл билетінің бастапқы парактары титулдық парак болып табылады және микрокредит беру туралы шартты жасасу тәрті 5інің 4 – тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) және 9) тармақшаларында көзделген шарттарды қамтиды, оның ішінде микрокредит беру туралы шарттың мазмұнына, реімделуіне, міндетті талаптарына койылатын талаптардың, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылдың 29 қарашасындағы № 232 қаулысымен бекітілген микрокредитті өтеу кестесінің нысанының (бұдан әрі-Талаптар) көрсетілген кезектілікпен белгіленуі мүмкін. Бұл ретте Талаптың 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген талап шарттың бірінші бетінде жазылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы болім) 389 – бабына сәйкес қосылу шарттарында шарт жасалған жағдайда, қарыз алушы кол қоятын Кепілдік билет стандартты талаптарға қосылу туралы өтініш ретінде талаптарға сәйкес келеді және микрокредит берудің стандартты талаптарын қамтитын және Ломбардтың сайтында

«Smart Ломбард» ЖШС

орналастырылатын қосылу шартының (бұдан әрі-Қосылу шарты) ажырамас бөлігі болып табылады.

4. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕРДІҢ ШЕКТІ СОМАЛАРЫ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

4.1. 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде микрокредиттер берудің ең ұзақ мерзімі 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен аспайды.

4.2. 45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге берілетін микрокредиттердің ең жоғары сомасы бір кепіл билеті бойынша ағымдағы қаржы жылына белгіленген 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

4.3. 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшерде микрокредиттер берудің ең ұзақ мерзімі 1 (бір) күнтізбелік жылдан аспайды.

4.4. 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшерде берілетін микрокредиттердің ең жоғары сомасы бір Кепіл билеті бойынша 3000 (сегіз мың) айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

5. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТ ТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ ШАМАСЫ

5.1. 45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге берілетін, мөлшері ағымдағы қаржы жылына белгіленген 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын микрокредиттер бойынша сыйақының шекті мөлшерлемесі берілген микрокредит сомасының 20%-ынан (жиырма пайызынан) аспайды.

5.2. Мөлшері ағымдағы қаржы жылына белгіленген 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен асатын, 1 (бір) күнтізбелік жылға дейінгі мерзімге берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының шекті мөлшерлемесі ЖТСМ 56%-ынан (елу алты пайызынан) аспайды.

5.3. Микрокредитті қайтару бойынша міндеттемелерді уақтылы орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) шекті мөлшерлемесі мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5%-ынан (нөл бүтін оннан бес пайызынан) аспайды.

5.4. Сыйақы мен тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын қоса алғанда, ағымдағы қаржы жылына белгіленген 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын, 45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге жасалған Кепілдік билет бойынша барлық төлемдер жиынтығында Кепілдік билеттің қолданылуының бүкіл кезеңі үшін берілген микрокредит сомасынан аспауы тиіс.

5.5. Микрокредитті қайтару бойынша міндеттемелерді уақтылы орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеудің шекті мерзімі негізгі борыш сомасы және/немесе сыйақы бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін кешіктірудің қатарынан күнтізбелік 90 (тоқсан) күнінен аспайды.

5.6. Сыйақылардың күндік мөлшерлемелері осы Қагидалардың 5.1 және 5.2-тармактарында көрсетілген сыйақылардың шекті мөлшерлмелерін ескере отырып, Ломбардтың атқарушы органының актісімен бекітіледі.

«Smart Ломбард» ЖШС

6. БЕРІЛЕТИН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

6.1. Микрокредитті пайдаланғаны үшін микрокредитті пайдаланудың нақты күндері үшін сыйақы төленеді.

6.2. Кепілдік билетте жылдық пайызбен сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері немесе сыйақы мәні (Заңның 4-бабының 3-1-тармағын да көрсетілген шарттармен кепілдік билетті жасасқан жағдайда) көрсетіледі. Сыйақы мәні деп Кепілдік билеттің барлық қолданылу кезеңі үшін белгіленетін сыйақы мөлшерлемесі түсініледі.

6.3. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шарттармен Кепілдік билетті жасау жағдайларын қоспағанда, егер микрокредитті өтеу микрокредит мерзімінің соңында біржолғы төлеммен жүзеге асырылатын болса, Кепілдік билетке қоса берілетін өтеу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

6.4. Негізгі мерзім мен кепілдік кезеңі үшін есептелген сыйақылар толық өтелген жағдайда және микрокредит берудің жалпы мерзімі күнтізбелік 12 (он екі) айдан аспаған жағдайда микрокредит беру мерзімін 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде ұзартуға жол беріледі және микрокредит нысанасын қоспағанда, микрокредит беру туралы шартта көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, микрокредит бойынша барлық төлемдер сомасы Кепілдік билеттің барлық қолданылу кезеңі үшін берілген микрокредит сомасынан аспауы тиіс.

6.5. Негізгі мерзім мен кепілдік кезеңі үшін есептелген сыйақылар толық өтелген жағдайда және микрокредит берудің жалпы мерзімі күнтізбелік 12 (он екі) айдан аспаған жағдайда 50 (елу) айлық есептік көрсеткішген асатын мөлшерде микрокредит беру мерзімін ұзартуға жол беріледі.

6.6. Есептелген сыйақылар толық өтелген жағдайда, Қарыз алушының ауызша етініші негізінде микрокредитті ішінара, мерзімінен бұрын өтеуге жол беріледі. Бұл ретте микрокредитті одан әрі пайдаланғаны үшін сыйақы Кепілдік билетте көзделген тәртіппен негізгі борыш сомасының қалдығына есептеледі.

6.7. Егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, Қарыз алушы негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей төлейді.

6.8. Қарыз алушының берешегі болған кезде, Қарыз алушы жүргізген төлемнің сомасы Қарыз алушының микрокредит бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болған кезде, Қарыз алушының берешегін өтеу мақсатында мынадай кезектілікте ескеріледі:

1) Ломбардтың Қарыз алушының берешегін сottan тыс және сот тәртібімен өндіріп алу жөніндегі шығыстары;

- 2) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- 3) сыйақы бойынша берешек;
- 4) негізгі борыш бойынша берешек.

6.9. Кепіл билетін орындау шарттары өзгерген немесе микрокредитті өтеу мақсатында жаңа микрокредит берілген кезде негізгі борыш сомасына капиталдандырылған (жыныстық) мерзімі өткен сыйақыга, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға) сыйақы есептеуге жол берілмейді.

7. ЛОМБАРД ҚАБЫЛДАЙТАҢ КЕПІЛДІККЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1. Кепілдік мүлікке меншік құқығы Қарыз алушыға тіркелуі тиіс және мүлік мүлікті тіркеу қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағында іс жүзінде болуы тиіс. Егер мүлік міндетті тіркеуге жатпыса, онда меншік құқығы Қарыз алушының ауызша етініші бойынша белгіленеді. Кепілдік мүлік мүлікті пайдаланудың (қолданудың)

«Smart Ломбард» ЖШС

кең аясымен, тиісті жай-куймен және осындай мүлікке қалыптасқан нарық коньюнктурасымен қамтамасыз етілетін өтімді тікке ие болуы тиіс.

7.2. Қарыз алушының микрокредитті өтеу және сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындаудың қамтамасыз ету ретінде Ломбард мынадай Кепілдік мүлікті қабылдауға құқылы:

- 1) зергерлік бұйымдар және бағалы металдардың сыйықтары;
- 2) техникалық жарамды күйдегі техника;
- 3) кепілге қабылдау үшін жол берілетін өзге де жеке жылжымалы мүлік.

7.3. Ломбардқа Қазақстан Республикасының 1994 жылды 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік марапаттары туралы» заңына, 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» және 2010 жылғы 2 сәуірдегі «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мэртебесі туралы» Зандарына сәйкес мыналарды кепілге қабылдауға жол бер лмейді:

- 1) жылжымайтын мүлік;
- 2) айналымнан алынған және айналымы шектелген заттар;
- 3) тыйым салынған мүлік;
- 4) үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртиалық салынған мүлік;
- 5) болашақта кепіл берушінің меншігіне түсетін мүлік;
- 6) тез бұзылатын шикізат, тамақ өнімдері;
- 7) Теріден жасалған және басқа да бағалы киімдерді, асхана сервіздерін, бағалы металдардан жасалған, сондай-ақ көркемдік құндылығы бар заттарды қоспағанда, пайдалануда болған киім, аяқ киім, киім-кешек, төсек-орын, ас үй және асхана керек-жарақтары;
- 8) балаларға арналған керек-жарақтар;
- 9) мүгедектердің жүріп-тұруына арнағы арналған көлік құралдарын, мүгедектердің техникалық көмекші (орнын толтырушы) құрадары мен арнағы жүріп-тұру құралдары;
- 10) халықаралық және мемлекеттік жүлдөлер, мемлекеттік ордендер, медальдар және Қазақстан Республикасының құрметті атақтары на берілетін төсбелгілер;
- 11) зергерлік бұйымдардың сыйықтары ретінде құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар тұтас және жиынтықты зергерлік бұйымдар.

7.4. Кепілдік мүлікті бағалауды Ломбардтың жауапты қызметкери Ломбардтың құнын айқындау әдістемесіне және Ломбардтың атқарушы органдарының актісімен бекітілген белгіленген бағаларға сәйкес жүргізді.

7.5. Кепілдік билетте көрсетілген микрокредитті қайтару мерзімі өткеннен кейін ұзактығы 30 (отыз) күнтізбелік күн болатын қосымша кепілдендірілген күту кезеңі көзделеді, осы мерзім ішінде Кепілдік мүлік сатуға берілмейді.

7.6. Ломбардтың кепілдендірілген күту кезеңі өткенге дейін Кепілдік мүлікті пайдалануға және оған билік етуге құқығы қою. Көрсетілген кезең аяқталғаннан кейін және микрокредитті қайтару және сыйақы мен тұрақсыздық айыбын төлеу жөніндегі міндеттемелердің орындалуы болмаған кезде Ломбард Кепіл мүлкін соттан тыс тәртіппен, оның ішінде сауда-саттық жүргізу, Нотариустың атқарушылық жазбасын жасау арқылы өндіріп алуға не сауда-саттықты жүзеге асырмай, берешекті реттеу жөніндегі рәсімдер аяқталғаннан кейін Кепіл билеті мен Қосылу ғарышында көзделген тәртіппен кепіл мүлкін өткізуіді Қазақстан Республикасының заннам асында және кепіл билетінде көзделген тәртіппен жүзеге асыруға құқылы.

7.7. Қарыз алушы Кепілдік билетке қол қоя отырып, Ломбардтың Кепілдік мүлікті соттан тыс өткізуіне келісімін береді.

7.8. Кепіл мүлікті сатуға, сондай-ақ мұндай мүліктің ломбардтың меншігіне етуіне ломбард қарыз алушының "Микроқаржы қызметі туралы" Қазақстан Республикасының

«Smart Ломбард» ЖШС

Заңында, Кепіл билетінде және Қосылу шартында белгіленген тәртіппен берешекті реттеу жөніндегі өтінішін қараган кезеңде жол берілмейді.

8. ЛОМБАРД ПЕН ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, ОЛАРДЫҢ ЖАУАЛПЕРШІЛІГІ

8.1. Ломбард құқылы:

1) Қарыз алушыдан микроқаржы қызметі туралы заңнамаға сәйкес қажетті ақпарат пен құжаттарды сұратуға және алуға;

2) себептерін түсіндірмesten микрокредит беруден бас тартуға;

3) Қарыз алушы өз міндеттемелерін орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда кепілмен қамтамасыз етілген микрокредитті мерзімінен бұрын қайтаруды және кепілге салынған мүліктен өндіріп алушы галап етуге;

4) Қарыз алушының келісімінсіз микроқаржы қызметі туралы заңнамада көрсетілген тұлғаларға Кепіл билеті бойынша құқықты (талап етуді) беру;

5) Қарыз алушының өтініші бойынша екінші деңгейдегі банктер арқылы тауарлар, жұмыстар немесе қызметтер үшін төлем жасау мақсатында микрокредитті үшінші тұлғага аударуды жүзеге асыру;

6) Кепіл билетінің талаптарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржакты тәртіппен өзгерту;

7) негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, Қарыз алушының берешегін қарыз алушының келісімін алмастан, нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде өндіріп алу:

- Қарыз алушының тараптардың келісімі бойынша берешекті реттеу және Қарыз алушының кепіл билеті бойынша міндеттеме ті орындау мерзімін өткізіп алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде берешек бойынша өтініш бермеуі үшін Ломбардқа жүгінбеуі, бұл оның міндеттемелерді орындағаны үшін кінесін мойындау болып табылады;

- қарыз алушының өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізбегендеге және қарыз алушының берешек бойынша қарсылықтарды ұсынбаганда;

8) берешектің туындағаны және мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттігі туралы Қарыз алушыны хабарландыру үшін, сондай-ақ Қарыз алушы Кепіл билеті бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға жол берген кезде коллекторлық агенттікке кепіл билеті боғынша берешекті соглашынан дейін өндіріп алуға және реттеуге беруге құқылы, бұған Қарыз алушы өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді;

9) микроқаржы қызметі туралы заңнамада және Кепілдік билетте көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

8.2. Қарыз алушы құқылы:

1) сыйақы төлей отырып, тұрақсыздық айыбын төлемей, микрокредитті мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға;

2) Микрокредиттер беру қағидаларымен, Ломбардтың микрокредиттер беру жөніндегі тарифтерімен танысуға;

3) Кепілдік билетте белгіленген тәртіппен және шарттарда алынған микрокредитке билік етуге;

«Smart Ломбард» ЖШС

4) негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей төлеу, егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне ғүссе);

5) Кепіл билетіне міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу басталған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде Ломбардка бару және (немесе) шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудын туындау себептері, кірістері және шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы оның өтінішіне, оның ішінде кепілдік билетінде көзделген тәсілге байланысты өзге де расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтініш жазбаша нысанда не кепіл билетінде көзделген тәсілмен табыстау:

сыйақы мөлшерлемесін немесе шарт бойынша сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгерту;

негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру;

берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен етей отырып өзгертуге;

микрокредит мерзімін өзгерту;

мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жою арқылы;

кепілге салынған мұлікті Ломбардка (еру арқылы шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту туралы ұсыныс жасау);

6) Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде Ломбардқа бір мезгілде хабарлай отырып, уәкілетті органға жүтінуге құқылы;

7) Ломбард осы қарыз алушымен жасалған Кепіл билеті бойынша құқықты (талап етуді) берген жағдайда, "Микроқаржы қызмет і туралы" Заңың 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін банк омбудсманына жүтінуге құқығы бар;

8) алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Ломбардқа жазбаша жүтінуге құқылы;

9) микроқаржы қызметі туралы заннамада және Кепілдік билітте көзделген өзге де құқыктарды жүзеге асыруға құқылы.

8.3. Ломбард міндетті:

1) Қарыз алушыдан міндеттемелердің орындалуын қабылдауға;

2) Қарыз алушыға міндеттемелердің орындалуын растайтын құжатты беруге;

3) орналасқан жері немесе атаяу өзгерін жағдайда уәкілетті органды, сондай-ақ Қарыз алушыларды (өтініш берушілерді) Ломбардтың орналасқан жері бойынша, сондай-ақ Қарыз алушы (өтініш беруші) - жеке тұлғамың заңды мекенжайы бойынша қазақ және орыс тілдерінде екі баспа басылымында тиісті ақпаратты жариялау арқылы немесе осындай өзгерістер болған күннен бастап стыз күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде әрбір Қарыз алушыны (өтініш берушіні) жазбаша хабардар етуге;

4) өтініш берушіге микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (кайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және нақты ақпарат беруге;

5) Өтініш берушіге 50 (елу) есептік айтық көрсеткіштен асатын сомада микрокредит берілгенге дейін танысу және микрокредитті өтеу әдісін тандау үшін әртурлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын беруге;

6) Қарыз алушыны (өтініш берушіні) микрокредит алумен байланысты оның құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етуге;

7) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді каржыландыруға карсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға мәліметтерді хабарлауға;

«Smart Ломбард» ЖШС

8) микрокредит беру қупиясын сақтауға;

9) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға карсы іс-қымыл туралы» Қазақстан Республикасының Занында көзделген жағдайларда микрокредит беруден бас тартуға:

10) микроқаржы қызметі туралы заңшамада және Кепілдік билетте (Қосылу шартында) көзделген тәртіппен берешекті сөткә дейін реттеу шараларын қабылдауға, оның ішінде:

1) Қарыз алушының Кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алуы орын алған кезде Ломбард Кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған күннен бастап 20 (жыныра) күнт збелік күннен кешіктірмей Қарыз алушыға Кепіл билетінде көзделген тәсілмен хабарлама жіберуге міндеттенеді:

- Кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күнге мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі;

- Қарыз алушының Кепіл билеті бойынша Ломбардқа жүтіну құқығы;

- Қарыз алушының Кепіл билеті бойынша өз міндеттемелерін орындаумен ауының салдары. Ломбард Қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікіті тартуға құқылы.

Егер хабарлама Кепіл билетінде және осы Шартта көзделген мынадай тәсілдердің бірімен Қарыз алушыға жіберілсе, ол Қарыз алушыға жеткізілген болып есептеледі:

- Кепіл билетінде көрсетілген Қарыз алушының электрондық поштасының мекенжайына;

- Кепіл билетінде көрсетілген Қарыз алушының тұрғылықты жері бойынша, оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген болса, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын Қарыз алушының кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алған болса;

- тіркелген жеткізуді қамтамасыз ететін басқа байланыс құралдарын қолдану арқылы.

Хабарламаны алушы-Қарыз алушыға берудің мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартуына, сондай-ақ осы тармакшада көрсетілген өзге де байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғанын растамауына байланысты белгі соғылып қайтарған жағдайда хабарлама қарыз алушыға тиісті тұрде жіберілген болыш есептеледі;

2) қарыз алушының өтініші түскен күннен кейін он бес күнтізбелік күн ішінде Кепілдік билетінің шарттарына ұсынылған өзгерістерді қарастыру және қарыз алушыға жазбаша тұрде немесе Кепілдік билетте көзде пен тәртіппен келесі туралы хабарламаны хабарлау:

- Кепіл билетінің талаптарына ұсынылған өзгертулермен келіскенде;

- берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары туралы;

- бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Кепіл билетінің шарттарын өзгертуден бас тарту.

8.4. 8.4. Қарыз алушы міндетті:

1) алынған микрокредитті қайтаруға және ол бойынша Кепілдік билетте белгіленген мерзімде және тәртіппен сыйақы төлеуге;

2) Ломбардтың талап етуі бойынша қажетті ақпарат пен құжаттарды ұсынуға;

3) Ломбардқа микрокредит сомасын қайтару жөніндегі шығындарды өтеуге;

«Smart Ломбард» ЖШС

4) Ломбардка өзінің сауалнамалық деректерінің өзгергені туралы, сондай-ақ оның міндеттемелерді орындаудына әсер ететін кез келген мән-жайлар туралы дереу жазбаша хабарлауға;

5) Мемлекеттік, оның ішінде құқық коргау және өзге де органдардың кепілге салынған мүлікті алуы және/немесе алыш қоюы нәтижесінде туындаған залалды Ломбардка даусыз тәртіппен өтеуге;

6) өзге де талаптарды орындауга, сондай-ақ Кепілдік билетте, Қосылу шартында, микроқаржы қызметі туралы заңнамада және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген жауаптылықта болуға міндетті.

8.5. Ломбард үшін шектеулер мыналарды көздейді:

1) сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржакты тәртіппен өзгерту;

2) микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, Қарыз алушыдан кез келген төлемдерді белгілеу және өндіріп алу;

3) Ломбардқа микрокредит сомасын, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін басқа да төлемдерді мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Қарыз алушыдан талап ету;

4) Кепіл билеті бойынша микрокредит сомасын ұлғайту;

5) егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне тап келген жағдайда тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алу және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі;

6) кез келген валюталық баламасына байланыстыра отырып, генгемен берілген Кепіл билеті бойынша микрокредит бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеу;

7) Кепіл билетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Кепіл мүлкін пайдалану және оған билік ету;

8) коллекторлық агенттікпен осындаш шарт жасасу жағдайларын қоспағанда, нысанасы берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ қарыз алушының берешегіне байланысты ақпарат жинау жөнде қызметтер көрсету болыш табылатын шартты (бұдан әрі-берешекті өндіріп алу туралы шарт) үшінші тұлғалармен жасасу;

9) берешек сотқа дейінгі өндіріп алуда және коллекторлық агенттікте реттеуде болған кезеңде сотқа берешекті өндіріп алу туралы талап қойып жүгінуге, берешек коллекторлық агенттікте өндеуде болған кезең үшін сыйақы төлеуді талап етуге, сондай-ақ негізгі борышты және сыйақыны уақтылы өтемегені үшін көрсетілген кезеңге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есепке жазуға құқылы емес;

10) негізгі борыш сомасына капиталданырылған (жинакталған) мерзімі өткен сыйақыға, кепіл билетін орында шарттары өзгерген кезде тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға) сыйақы есептеу немесе микрокредитті өтеу мақсатында жаңа микрокредит беру.

8.6. Ломбард кепілге салынған мүліктің жоғалуы, сакталуы немесе бұліну үшін, егер жоғалу немесе бұліну еңсерілмейтін күштін салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, жауапты болады. Сондай-ақ Ломбард, егер кепілдік мүлікті жоғалту немесе бұлдіру ереуілдердің, жаппай тәртіпсіздіктердің, халықтық және әскери тәртіпсіздіктердің және т.б. салдарынан үшінші тұлғалар жасаған үрлықтың салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады, бірақ бұл ретте Ломбард кепілге салынған мүліктің сакталуын қамтамасыз ету үшін өзіне байланысты барлық шараларды солдануға міндетті.

«Smart Ломбард» ЖШС

9. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН ЕСЕПТЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ

9.1. Микрокредит бойынша сенімді, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (бұдан әрі – ЖТСМ) болып табылады.

9.2. Сомасы 50 (елу) айлық есептік кө жеткіштен асатын микрокредит бойынша ЖТСМ мөлшері Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (бұдан әрі - уәкілдеп орган) нормативтік құқықтық актісінде айқындалған жылдық 56%-дан (елу алты пайыздан) аспауы тиіс.

9.3. Берілетін микрокредиттер бойынша ЖТСМ есептеу тәртібін уәкілдеп орган әзірлейді және бекітеді.

9.4. Берілетін микрокредиттер бойынша ЖТСМ есебі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 қарашадағы № 208 қаулысына сәйкес жүргізіледі.

10. МИКРОКРЕДИТТІ ӨТЕУ ӘДІСТЕРІ

10.1. Қарыз алушы таңдаған микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісі Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шарттармен Кепілдік билетті жасасу жағдайларын қоспағанда, егер микрокредитті өтеу микрокредит мерзімінің соңында біржолғы төлеммен жүзеге асырылатын болса, Кепілдік билетке қосымша болып табылатын микрокредитті өтеу кестесінде белгіленеді.

10.2. Ломбард 50 АЕК-тен асатын сомаға Кепілдік билетті жасасқанға дейін Қарыз алушыға танысу және микрокредитті өтеу әдісін таңдау үшін әртүрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсынады. Ломбард микрокредиттерді өтеудің мынадай әдістерін қолданады – аннуитеттік, сағаланған және біржолғы.

- сағаланған төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;

- аннуитеттік төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқаларынан ерекшеленуі мүмкін;

- микрокредитті өтеудің бір жолғы әдісі, осы Қағидалардың Қосымшасында көрсетілген есептеу үлгісіне сәйкес.

10.3. 10.2-тармақта көрсетілген талаптар егер микрокредитті өтеу біржолғы төлеммен микрокредит мерзімінің соңында жүзеге асырылатын болса, сомасы 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем және микрокредит беру мерзімі 45 күнтізбелік күннен аспайтын Ломбард беретін микрокредиттерге қолданылмайды. Бұл жағдайда микрокредитті өтеу мерзімі Кепілдік билеттің титулдық парагында көрсетіледі.

11. ӨЗГЕ ШАРТТАР

11.1. Қарыз алушы, микрокредит және Кепілдік мүлік туралы жеке ақпарат құпия болып табылады (микрокредиттің құпиясы) және жария етуге және үшінші тұлғаларға тікелей немесе телефон (электрондық пошта) арқылы беруге жатпайды.

11.2. Микрокредит туралы ақпарат Қарыз алушыны жеке күтігінің номірі мен күні, Кепілдік билетке енгізілген үялды телефон номірі, сондай-ақ Кепілдік билеттің номірі мен күні негізінде сәйкестендірген жағдайда телефон арқылы Қарыз алушының өзіне, сондай-

«Smart Ломбард» ЖШС

ак кредиттік бюроға және Заңның 21-бабының 4-тармағында көрсетілген тұлғаларға берілуі мүмкін.

11.3. Микрокредит және Қарыз алушы туралы акпарат Қарыз алушының қол қою кезінде Кепілдік билетте көрсетілген жазбаша келісімдері негізінде кредиттік бюроға ұсынылады.

11.2. Тиісті өзгертулер (толықтырулағ) енгізілген күнге дейін Қарыз алушы Ломбардпен жасасқан Кепілдік билеттерге (шарттарға) қолданылмайтын өзгертулер мен толықтырулар осы Қағидаларға енгізілуі мүмкін.

11.3. Қарыз алушы Кепілдік билетке қол қоя отырып, Ломбардқа өзінің дербес деректерін қағаз және электрондық тасымалдаушыларда жинауға және өндөуге өз келісімін береді.

11.4. Қарыз алушы Кепілдік билетке қол қоя отырып, осы Қағидалардағы шарттармен келіседі.

11.5. Осы Қағидалар Ломбардтың уәкілетті органы --- Жалғыз қатысуши (Қатысушилардың жалпы жиналышында) оларды бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

«Smart Ломбард» ЖШС

**«Smart Ломбард» ЖШС
Микрокредиттер беру қагидаларына
Қосымша**

Микрокредитті отеудің бір жалғы әдісін есептейу мысалы

№ т/б	Төлем күні	Негізгі борышты өтеу бойынша төлем мөлшері	Сыйақыны өтеу бойынша төлем мөлшері	Барлығы өтеуі е (төлемнің жалпы мөлшері)	Келесі төлем күніне негізгі борыштың қалдығы
1	31.01.2020	100 000	8 000	108 000	0
Барлығы:		100 000	8 000	108 000	0

Прошнуровано, пронумеровано
и скреплено печатью

16 Человека один листом
изделий изделий
Должность. Служебная лист Ф.И.О.

"01" "10" 20~~41~~ г.

